

Абайдың ақындық айналасы

Жоспар

- 1. Абайдың ақындық айналасы.**
- 2. Абайдың ақындық мектебі.**
- 3. Абайдың ақын шәкірттері.**
- 4. Қорытынды**

Абайдың әдеби ортасы туралы ғылыми ойлардың алғашқы көріністері ХХ ғасырдың басынан басталды да, ал осы тақырыпқа арнайы көңіл бөлген М.Әуезов Абайдың әдеби ортасын «ақынның өзі алған нәрлері», «өзгеге берген нәрі» деп екі салаға жіктеді. Абайдан кейінгі әдебиет өкілдерін қамтитын «Абайдың ақындық мектебі» деген ұғымды енгізіп, бұл тақырыптың кең түрде зерттелуіне жол ашты.[1]





Зерттеушілер Абайдың өзгеге берген рухани нәрі жайлы тақырыпта Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасын жазу үстінде – ақ көңіл бөлген. Ал 1934 жылғы “Абай ақындығының айналасы” деген еңбегінен кейін — ақ ол жайлы ойлар төркіні біртіндеп қорлана берді.

Абайдың өзгеге берген нәрі жайлы ойлары, негізінен, үш салада:


Абайдың әдеби мектебі

Абайдың ақын шәкірттері не Абай тұсындағы ақындар

Абайдың ақындық дәстүрі деген тақырыптар шеңберінде қамтылып беріле бастайды.



Абайдың ақын шәкірттері.



Мағауия




Ақылбай



Көкбай




Шәкәрім



Әріп



Шәкәрім Құдайбердіұлы



Қазақтың көрнекті ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы Семей өңірінің Шыңғыстау бөктерінде 1858 жылы өмірге келген. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді –атақты болыс, аға сұлтан Құнанбайдың ұлы. Яғни, Шәкәрім иісі қазаққа белгілі Абайдың немере інісі болып келеді. Шәкәрім жастайынан зерек болған. Ерте хат танып, анасының көмегімен араб, парсы, түрік тілдерін үйренген. 1866 әкесі Құдайберді қайтыс болып, Абайдың тәрбиесінде болады.



Оның тарихи негізді поэмалары *«Еңлік-Кебек»*, *«Қалқаман-Мамыр»*, *«Нартайлақ-Айсұлу»*, *«Ләйлі-Мәжнүн»*. 1959 жылы алғаш рет *«Жаңа ойдан шығарылған бір бөлек бұл ән»*, *«Анадан алғаш туғанымда»*, *«Ойладым бір сөз жазайын деп»*, *«Қорқыттың сарыны»*, *«Сен ғылымға болсаң ынтық»*, *«Көңіл»* атты әндерін консерваторияның фольклорлық зертханасының қорына магнитофон таспасына жаздырып, зерттеуші Асқан Серікбаевамен нотаға түсірді. [3]



Мұхамедғарып Тәңірбергелұлы Әріп



**Мұхамедғарып
Тәңірбергенұлы Әріп — ақын.
Абайдың талантты
шәкірттерінің бірі. 11-12
жасында ауыл медресесінде,
бастауыш орыс мектебінде
оқыған. 1877 жылы Семейдегі
уездік училищеге оқуға түсіп,
оны 1881 жылы үздік бітірген.
Семейде оқыған кезінде
Абаймен танысып, оны өзіне
ұстаз тұтқан. Әріп татар, орыс
тілдерін жетік білумен бірге
араб, парсы, түрік, қытай
тілдерін жақсы меңгерген.**



Әріп Қапалда қызметте болған кезінде атақты ақын қыз Сарамен танысып, ғашықтық жырларын арнады. Біржан — Сара айтысын көркемдік жағынан қайта өңдеп, хатқа түсірді, баспаға ұсынып, мәңгілік мұра етіп қалдыруда көп еңбек сіңірді. Әріп 1913 жылы айтыс түріндегі “Тәуке-Ұрқия” дастанын жазды. А.С. Пушкиннің “Евгений Онегин” романын еркін аударма үлгісінде өлеңмен қазақ тіліне аударды.[4]



Біржан Кәпәлұлы
Алтысар өлең, ағылшын тіліне аударды.



Сара Таштемірқызы
(1875-1918 жж.)
Алтысар өлең.




Әріп Тәңірбергенұлы
(1856-1924)

Көкбай Жанатайұлы



Көкбай Жанатайұлы – ақын, ағартушы, Абайдың әрі шәкірті, әрі інісі. Абайдың “Жаз”, “Күлембайға” деген өлеңдері тұңғыш Көкбай қолымен 1888 – 89 ж. “Дала уалаяты газетінде” жарияланды. Көкбай бала кезінде хат танып, үш жылдай Төлетай молдадан дәріс алған соң, Семейдегі Қамали қазірет медресесінде, уездік училищеде оқиды. Елге келген соң үнемі Абайдың жанында болады.





*1901 ж. өз қаржысына
медресе ашып, онда сол
өңірдегі қазақ ауылдарының
балаларын оқытады. Сабақ
мұсылманша, орысша қатар
жүрген. Оқулық ретінде
шәкірттеріне “Араб тілінің
қазідаларын” өлеңмен
жазып шығады. Көкбай 1908
ж. қала тәртібімен биік
мұнаралы мешіт салдырады.
1913 ж. Меккеге барып,
қажы атанады.*

1921 ж. ауруға шалдығып, Мәскеу, Томск, Санкт-Петербург, Омбы сияқты қалаларға барып емделеді. Ауырғанына қарамастан 1924 ж. Абайдың дүниеден өткеніне 20 жыл толуына орай Семейде өткен кешке қатысып, естелік әңгімесін айтады. 1925 ж. Мәскеуге емделуге бара жатқан сапарында дүниеден қайтады.[5]



Мағауия Абайұлы



Мағауия Абайұлы Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған кенже баласы. Жасында молдадан оқытқаннан кейін, Семейдегі Городское училищесіне орысша мектепке оқуға түсіреді. Ол әдебиет тарихында Абайлық дәстүрді бойына мол сіңірген ақын болып қалыптасты, нәзік лирикалық өлеңдер шығару, сюжетті поэмалар жазуды әкесі Абай ақынның өнегесінен алды.





Небәрі 34 жыл жасаған Мағауия шағын ғұмырында қазақ әдебиетіне мұра боларлық тамаша туындылар тастап кетті. 1904 жылы 14 мамырда қайтыс болған Мағауия Ақшоқы мекеніндегі Құнанбай бейітіне жерленді.

Абайдың ақылының арқасында бірнеше поэма жазады.

- «Еңлік-Кебек»,**
- «Абылай»,**
- «Медғат-Қасым».**

Өз махаббаты үшін күресіп, құрбан болған Еңлік пен Кебекті келер заман жастарына үлгі етіп жырлайды. «Еңлік-Кебек», «Абылай» поэмалары қолжазба күйінде қалып, оқушыларға таралмаған.

Ақылбай Абайұлы Құнанбаев





**Ақылбай Абайұлы
Құнанбаев (1861, қазіргі
Шығыс Қазақстан облысы
Абай ауданы Шыңғыстау
мекені, — 1904, Семей) —
ақын. Абайдың бәйбішесі
Ділдәдан туған ұлы. Ол
Құнанбайдың тоқалы
Нұрғанымның бауырында
өседі . Жас кезінде
Ғабитхан молдадан 4- 5
жыл оқиды. Өсе келе
өнерге жақын, әнші,
домбырашы, скрипкашы
болып шығады.**

«Ақылбай әні» деген атпен қазақ даласына кеңінен тараған. Ән кең тынысты дауысқа арналған.

«Ішік кидім бұлғыннан құндыз жаға,
Жас дәуренді өткіздім бермей баға.

«Ақылжан» деп тұрушы ед талай қыздар,
Сұмдық шықты дейтұғын «Ақыл аға».
Бір ән тауып Әлекең бер деген соң,
Матайды алыс бірталай жер деген соң,
Он минутта ойыма осы ән түсті,
Қапаш-құпаш қолымды сермеген соң».



Мұндағы «Әлекең» деп отырғаны - Абайдың әншісі Әлмағамбет Қапсәлемұлы (1870-1932). «Ақылбай әні» кейіннен ұмытылып кеткен. Әуезов әншілер К. Байсейітова мен Ж. Елебековті үйіне арнайы шақырып, оларға осы әнді үйреткен. Мәкен Мухамеджанованың айтуымен музыка зерттеушісі Б. Ерзакович нотаға түсірген.

**Жалпы алғанда
Ақылбай - Абай
айналасындағы
шәкірттердің ішіндегі ең
таланттысы. Ол «Дағыстан»
(«Кәрі Жүсіп»), «Зұлыс»,
«Жаррақ батыр» атты
поэмалар жазды. Әуезов 1923
жылы «Сана» журналының
2-3-сандарында Абайдың
жарияланбаған өлеңдерінің
қатарында «Зұлысты» да
бастырды.**



Абай тек ақындық өнерге баулушы ғана емес, жалпы бойында қандай өнері бар жастарды қасына үйірді. Барлық өнердің қас шебері болды десек Абайға берілген артық баға болар еді. Бірақ, білгенін үйретіп, білмегенін алыстан іздеп, жанындағыларды баулыды. [7] Сондықтан да, Абай шәкірттерінің саны біз тізімдегеннен әлдеқайда көп болуы заңды. Ол шәкірттер - Абайдың өнер мектебінің шәкірттері.





Әуезов алғаш Абай мектебі туралы сөз қозғағанда айтқан: «Сол шақта тексеру, зерттеу нәтижелерінде, ҒЫЛЫМДЫҚ ДӘЛ, МОЛ деректер талданып болған кезде, бәлкі Абай шәкірттері, Абай мектебі дейтін көлемнің өзі де

кеңейіп, молайып, Абай шәкірттерінің қатары да көбейе түсер» [8] деген пайымы ақиқатқа айналып, бұл тақырыптың зерттелу ауқымы біздерден үлкен нәтижелер күтуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. - Алматы: Санат, 1997. - 448 б.
2. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай. - 1992. - №4. - Б. 57-70.
3. Смаилов Е. Кемеңгер Абай // Әдебиет және искусство. - 1940. - №9.3-9б
4. Сералиев Ғ. Қазақ халқының данышпан ақыны // Ленин туы. - 1940, 15 қазан.
5. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап. - Алматы: Дәуір, 1994. - 336 б.
6. Ысқақов Ә. Абайдың өмір жолы // Жүрегімнің түбіне терең бойла. - Алматы: Жазушы, 1995. - 29
7. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997. 8б
8. Кәкішев Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар. // Әдебиеттану. - Алматы: Рауан, 1997. - 216 б.